

БҮГІНДЕ СИРИЯ МЕН ИРАК МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ АУМАҒЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫ ЖАСАП ЖАТҚАН, ӨЗДЕРІНШЕ «ИСЛАМ МЕМЛЕКЕТІ» (ИШИМ, ИРАК) ЖӘНЕ ШАМИСЛАМ МЕМЛЕКЕТІ) ҚҰРЫП АЛҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҰЙЫМНЫҢ АХУАЛЫ ЖАЛПЫҒА БЕЛГІЛІ. БҮЛ ҰЙЫМНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІНДЕ СЕПАРАТИСТІК БЕЛГІЛЕР БАР. «ИСЛАМ МЕМЛЕКЕТІ» ЕКІ МЕМЛЕКЕТТІҢ АУМАҒЫНЫҢ БЕЛГІЛІ БӨЛІКТЕРІН БАСЫП АЛҒАН БОЛАТЫН. БҮЛ РЕТТЕ, ОСЫ ҰЙЫМНЫҢ СЕПАРАТИСТІК ІС-ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИПАТЫ КӨРІНІС ТАПҚАН ДЕУГЕ БОЛАДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР, АТАЛҒАН ҰЙЫМНЫҢ ҚАРУЛЫ СӨДЫРЛЫҚ ТОПТАРЫ СЕПАРАТИСТІК ІС-ӘРЕКЕТТЕРДЕН БӨЛЕК САЯСИ, ҰЛТТЫҚ, ДІНИ ЭКСТРЕМИСТІК ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ, СОНДАЙ-АҚ ТЕРРОРИСТІК ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ ЖАСАҒАН ЖӘНЕ ОДАН ӨРІ ҚАРАИ ЖАЛҒАСТЫРУДА. МҮНДАЙ ЗАҢСЫЗ ІС-ӘРЕКЕТТЕР АТАЛҒАН ЕЛДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАЛАРЫНА, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ НОРМАЛАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫНА ҚАЙШЫ БОЛЫП ТАБИЛАДЫ. ОСЫ ТҮСТА, АЙТАР ЖАЙТ, АТАЛҒАН ТЕРРОРИСТІК ҰЙЫМНЫҢ ЗАҢСЫЗ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ИСЛАМ ДІНІНІҢ КӨПТЕГЕН ҒАЛЫМДАРЫ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР, КӨПТЕГЕН БЕЛГІЛІ САРАПШЫЛАР ДА АИЫПТАУДА.

Екіншіке орай, осы жоғарыда аталған аймақтағы террористік ұйымның қатарында тиісті қарулы қақтығыстарға біздің елдің адамдары да қатысуда. Олардың мұндай қадамға баруының негізгі себебі ретінде діни және саяси-құқықтық сауаттылығының төмендігін, ақылға жүгінуден гөрі, көр-сөзімге берілуін айтуға болады.

Бүгінде әлемде көптеген секталар, түрлі сипаттағы экстремистік және террористік ұйымдар мен топтар бар. Олардың өзіндік идеологиялық және психологиялық «арбау» тәсілдері мен әдістері әртүрлі болып келеді. Осы ретте, ғалымдар мұндай арбау кезеңдерін шартты түрде үш кезеңге бөлген: бірінші кезең «көріту», «балқыту», екінші кезең «өзгерту», үшінші кезең «қатырып тастау». Осы тұста, ерекше айтар жайт, секталардың, экстремистік және террористік ұйымдар мен топтардың «идеологтары» бірінші кезеңдегі іс-әрекеттерге барудан бұрын, әуелі көп адамдардың күдігін, күмәнін, пікір-таласын тудырмайтын діни мазмұндағы ақпараттарды (Құран аяттары, хадистер, оның ішінде, бес уақыт намаз, ораза, ақырет, тозақ, жәннат және т.б.) түсіндіруден, үйретуден бастайды. Көп адамдар осы жағдайды аңғара бәрмейді. Сондықтан бес сөзім мүшесі сау адам өз ақылымен «идеологтардың» немесе олардың көмекшілерінің не олардың жолын ұстанушылардың «уағызын», «сөздерін» оқиды, тыңдайды және естиді. Бұл ретте, мәселе діни мазмұндағы ақпаратта емес. Негізгі мәселе адамның ішкі сүзгісінде. Келесі өзекті мәселе, әлбетте, діни мазмұндағы ақпараттарды бұрмаланған түрде түсін-

ген, соған қарамастан оны өзгелерге «түсіндіруші адамдарға» (идеологтарға) қатысты болып тұр. Олар бірінші кезеңде (бастапқы кезең) адамның дәстүрлі түрдегі дүниетанымы мен сенімін, ұлттық және діни көзқарасын, сонымен бірге жалпы адамзатқа ортақ құндылықтарды жоюға бағытталған жұмысты жүзеге асырады. Секталар, экстремистік және террористік көртартпа ұйымдар мен топтар барынша өз күштерін жастарды арбауға жұмсайды. Оның нәтижесінде оларды тікелей қасақана мақсатпен отбасылық, тұмстық қатынастарды бұзуда тиісті қоғамнан «оқшаулауға», отбасыға, туысқа, қоғамға дәстүрлі дінге, дәстүрлі ұлттық құндылықтарға, ұлттық заңнама мен халықаралық құқық нормаларына қарсы қоюға арнайы дайындау жұмысын жүргізеді. Екінші кезеңде адамның санасындағы бос вакуумді өздерінің «жалған» және «бұрмаланған» идеологиясымен тиісті түрде толтыра келе, бірте-бірте «секталық», «діни радикалды» және «діни экстремистік» санасын қалыптастырады. Ал енді үшінші кезеңде аталған ұйымдар мен топтардың идеологтары адамдардың санасын толық бақылауға алып, нәтижесінде оларды «зомби» ете бастайды. Яғни, өздерінің айтқанынан шыға алмайтын адамды қалыптастырады. Демек, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің Жолдауында айтқандай, азаматтық қоғам (үкіметтік емес қоғамдық институттар, отбасы, ата-аналар, қоғам қайраткерлері және т.б.) және барлық мемлекеттік органдар бір шепте тұрып, діни радикализм мен экстремизмге қарсы бірлесіп отырып,



ШЕТ ЕЛДЕРГЕ қарайлайтындығың да беті қайтарылуға

олармен «ішкі сүзгі» арқылы күресуі қажет. Осы орайда Шымкент қаласы өкімдігінің ішкі саясат бөлімі облыстық «Әлеуметтік бастамалар орталығы» МКМ-мен бірлесіп отырып, қаладағы барлық мешіттермен байланысты жүйелі жолға қойып, онда болатын уағыздың уақыт талабына сай болуын реттей білгендігін ерекше көрсетер едік. «Осы секталарды, экстремистік және террористік ұйымдар мен топ-

тарды кімдер ұйымдастырады, қолдайды?» деген сауал туындайды. Бұл ретте, адамға саяси-құқықтық сауаттылық керек. Әдетте, дінге бәт бұртқан адамдар қоғамдағы әлемдегі тиісті құбылыстарға тек діни көзқараспен ғана қарап бағалайды. Мұсылман адамның бұл кезде Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с) дінге негізделген ұстанымынан бөлек, саяси-құқық-

шет елдердегі қарулы қақтығыстарға өз бетінше көңіл қалу дін туралыдан күнәлі және заң тұрғысынан жінәлі болуға тікелей апаратындығы анық. Демек, ауыспалы мағынада айттар болсақ, құстарға ең қанағаттың қажеттілігі болғандай, мүмкін болса өз деңгейінде екі ішкінен яғни нақыл (дін ілімі) және ақыл (зайырлы ілімі) ілімдерінен хабардар да болуы керек. Ендеше жоғарыда аталған секталарды, экстремистік және террористік ұйымдар мен топтарды кімдер ұйымдастырады және қолдайды деген сауалға жауап іздейік. Бүгінгі белгілі сарапшылардың басым көпшілігінің ортақ көзқарасы бойынша, аталған ұйымдарды ұйымдастырушы мен қолдаушылар тобын шартты түрде үшке бөледі: 1. Харизмалық тұлғалар (мысалы, Хасан Саббах, Бен Ладен, Мулла Омар, Тақаруддин Набахани және т.б.); 2. Халықаралық қылмыстық ұйымдар немесе белгілі бір мемлекет аумағындағы қылмыстарды жасайтын қылмыстық топтар; 3. Кейбір елдердің арнайы қызметінің қолдауымен құрылған ұйымдар мен топтар.

Осы орайда, ерекше айтар жайт, шет елдердегі қарулы қақтығыстарға қатысушылардың жіберген діни қателіктері өз кезегінде саяси-құқықтық қателіктерге соқтырады. Яғни, қарулы қақтығыстарға қатысушылардың діни және саяси-құқықтық қателіктері күнеға (дін негіздері бойынша) өрі кінәға (заң негіздері бойынша) ұрындырады. Қылмыстық құқықта мұндай қателік заң туралы қате және фактілік қате деп аталады. Осы мәселені келесі бір мақалада толыққанды түсіндіріп жазуды жөн көрдік. Демек, Қылмыстық кодекстің 405-бабы бойынша (Қоғамдық не-

месе діни бірлестіктің не өзге де ұйымның экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне соттың тиым салу немесе тарату туралы шешімінен кейін олардың қызметін ұйымдастыру және оған қатысу қылмыстық жауаптылық туындайды. Сонымен, қорыта айтқанда, кейінгі кезде еш негізсіз түрде белең алған, «жалған» ұранмен атойдан шет елдердегі қарулы қақтығыстарға шаба беруге болмайды. Оның зиянды салдары отбасын қиын жағдайға, адамды өкініш пен қайғыға ұшыратады. Аталған нақты жағдайды тиісті түзеу мекемелерінде ҚР Қылмыстық кодексінде арнайы түрде бекітілген «экстремизм», «терроризм» және «шет елдердегі қарулы қақтығыстарға қатысу» баптары бойынша сотталғандармен жеке, топтық және жалпы кездесулердің барысындағы сөйлесу мен сұхбаттасу, оларға жеке түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы білеміз. Олар өздерінің діни, саяси-құқықтық қателіктерін енді түсінді деп айтуға болады. Сондықтан да азаматтық қоғам, барлық қоғамдық институттар, мұсылмандар қауымы, мемлекеттік органдар, дінтанушылар, діни қызметшілер және басқа ұйымдар да өзара бірігіп «мемлекеттің қоғамдық институттармен өзара әрекеттесу» қағидасы аясындағы нақты ақпараттық-насихаттық түсіндіру жұмыстарына өзіндік үлестерін қосуы керек. Бұл ретте, «Қазақстан Республикасындағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша 2013-2017 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламаны басшылыққа алуы тиіс десек, Шымкент қаласы өкімдігі ішкі саясат бөлімінің осы орайда атқарып жатқан нақты жұмыстарының мазмұндылығы күшейтілгендігін айрықша айтуға болады. Қала өкімдігі сала жұмысының пәрменділігін, арттыру үшін қаладағы қоғамдық институттармен білім мекемелерінің өкілшіліктерімен, дін саласының қызметкерлерімен етене байланыса отырып кең ауқымда ұйымдастырып өткізген іс-шаралары соның айқын дәлелі бола алады.

Е. БЕКБОСЫНОВ,
М.Әуезов атындағы
ОҚМУ-дың Ph.D докторы,
сарапшы-кеңесші.